



Бекітемін

«Сырдария» университетінің ректоры м.а.
Философия докторы (PhD)

Б.С. Тоқмұрзаев

2021 жыл

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ

УЕ-12-21

АЛҒЫ СӨЗ

1.	Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімімен ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ		
2.	Өзірлегендер	–	Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінің басшысы Ж.Д. Абдуллаева Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор З.А. Сламбекова
3.	Келісілді	–	Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Б.С.Тоқмұрзаев Ғылыми жұмыстар және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор П.А. Абдуразова Оқу-әдістемелік басқарма басшысы З.М.Оралова Тіркеу офисінің басшысы Г.А. Раева
4.	«Сырдария» университеті Ғылыми Кеңесінің <u>31 Тамыз</u> 2021 № <u>1</u> шешімімен БЕКІТІЛІП ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ		
5.	Енгізілді	–	2021
6.	Тексерілу мерзімі	–	2022

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

«Сырдария» университеті		УЕ-12-21
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Академиялық адалдық кодексі		7 беттің 2-беті

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Академиялық адалдық сақтау кодексі (ары қарай - Кодекс) академиялық адалдықтың принциптерін, білім алушылар қоғамдастығы мүшелерінің міндеттерін белгілейді (анықтайды), академиялық адалдықты бұзу түрлері мен Ережені бұзған жайдайда шара қолдану тәртібін анықтайды

1.2 Осы ереже «Сырдария» университетінің сапа менеджменті жүйесінің II деңгейдегі құжаттарының құрамына кіреді.

1.3 Осы ереже авторлық құқығы бар нысан, деректер басқа мекемелерге ректордың рұқсатынсыз жіберілмейді

2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

Осы ереже келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылғанған:

СУ-нің Жарғысы, 12 қазан 2010 ж

- ҚП-06-17 Құжатталған ақпаратты басқару

3. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

3.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Жемқорлықпен күрес туралы» Заңдарына, “Сырдария” университетінің «Оқытушылар мен студенттердің ар-намыс кодексіне», «Білім алушыларының үлгерімдеріне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережелеріне», Ішкі тәртіп стандартымен жалпы моральдік-этикалық нормаларға сәйкес әзірленген.

3.1.2 Университет әкімшілігі, кураторлары (куратор сағаттарында) білім алушыларға осы Ережемен мына жағдайларда таныстыруға **міндетті**:

- 1) ғылыми жоба, дипломдық, магистрлік жұмыс дайындар алдында;
- 2) ғылыми конференцияларға мақала дайындар алдында;
- 3) аралық, межелік бақылау кезінде;
- 4) сынақ, емтихан уақыты басталар алдында.

3.1.3 Осы Ережені университет қауымдастығының барлық мүшелері – әкімшілік, профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылар университеттің басқа да қызметкерлері орындауға міндетті.

3.1.4 Осы Ереже жалпылай танысу үшін университет www.sirdariva.kz сайтында жарияланады.

3.2. Академиялық адалдықтың принциптері

Өзінің оқуына жауапкершілік және жеке адалдығын дамыту білім алушылардың академиялық адалдығының негізгі принциптері болып табылады:

3.2.1 адал ниеттілік – білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды әділ, дұрыс орындауы;

3.2.2 автор құқығын және оның басқа адамның қолдануын жүзеге асыру – бағаланатын жұмыстарда ақпарат көзін көрсетуі, басқаның ойын, сөзін дұрыс беруі, авторлық құқықтың нысаны болып табылады.

3.2.3 ашықтық – өзара сенімділік, оқушылар мен педагогикалық қызметкерлер мен оған теңестірілген тұлғалардың арасындағы идеялар мен ақпарат алмасудың анықтығы;

3.2.4 білім алушылардың бостандығы мен құқықтарын қорғау – білім алушылардың пікірі мен идеяларын еркін білдіру құқығы;

3.2.5 теңдік- әрбір білім алушы осы Ережені сақтауға міндетті және бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады

«Сырдария» университеті		УЕ-12-21
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Академиялық адалдық кодексі		7 беттің 3-беті

3.3. Университет қоғамдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

3.3.1 Білім алушылардың құқығы:

- 1) осы Ереженің мазмұнымен танысуға;
- 2) оқыту үрдісінде өз пікірін, ойларын, ұстанымын білдіруге;
- 3) осы ережені бұзу туралы деректі теріске шығаруда барлық қажетті дәлелдер мен айғақтарды келтіруге.

Білім алушылар:

- 1) осы Ереженің мазмұнымен танысуға және Ережені бұзғаны үшін тартылатын жауапкершіліктерді білуге;
- 2) бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды орындауда академиялық адалдықты мүлтіксіз ұстануға;
- 3) басқа біреудің сөзін немесе ойын беруде шығарманың авторын, атауын және кітап бетін көрсетуге;
- 4) бағаланатын жұмыстың соңында қолданылған әдебиет тізімін көрсетуге;
- 5) сенімді және анық ақпарат көздерін пайдалануға;
- 6) өзінің орындаған жұмысын басқа білім алушыларға бермеуге міндетті.

3.3.2 Профессор-оқытушылар:

- 1) білім алушылар арасында ақпараттық жұмыс жүргізуге;
- 2) білім алушыларға нақты және анық ақпарат көздерін таңдауға үйретуге, қолдау көрсетуге;
- 3) сілтеме, нұсқама және библиографияны рәсімдеуді үйретуге;
- 4) орындалатын жұмыстың барлық авторын көрсетіп, жобалық жұмыстарын қағазда, электрондық нұсқада, сандық құралдарда дайындау тәсілдерін үйретуге;
- 5) білім алушыларға оқыту үрдісінде өз пікірін білдіруге үйретуге;
- 6) бағаланатын жұмыстың алдында білім алушыларға академиялық адалдықты ұстану туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;
- 7) осы Ережемен белгіленген талаптарды бұзудың кез келген мүмкіндіктеріне тосқауыл қоюға;
- 8) осы Ережені бұзудың әрбір жағдайына қатаң есеп жүргізуге;
- 9) Университет әкімшілігіне Ережені бұзудың әрбір жағдайы туралы жазбаша ақпарат беруге міндетті.

3.3.3 Университет әкімшілігі:

- 1) Білім алушыларға осы Ережені түсіндіру бойынша профессор-оқытушылар жұмысын қамтамасыз етуге;
- 2) Білім алушылар негізгі ережелерде қарастырылған ережені бұзғанда шара қолдану бойынша жұмысты үйлестіруге;
- 3) білім алушылардың академиялық адалдықты орындауын бақылау және мониторинг жүргізуге міндетті.

3.4. Академиялық адалдықты бұзу түрлері

Аталған ережелермен академиялық адалдықты бұзудың келесі түрлері қарастырылады:

3.4.1 Плагиат:

- басқа ақпарат көздерінен алынған ақпаратты авторлық құптаусыз немесе дереккөздерді көрсетпей бөліктерін немесе толық иемдену;

3.4.2 Сыбайласу:

- кез келген бағаланатын жұмысты өзге білім алушылар үшін орындау;

«Сырдария» университеті		УЕ-12-21
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Академиялық адалдық кодексі		7 беттің 4-беті

3.4.3 Алдау:

- бағаланатын жұмысты басқа білім алушылардан көшіріп алу;
 - қайталап көрсету, бағаланып кеткен жұмысты өткізу;
 - орындамаған жағдайда жалған ақталу, бағаланатын жұмысты мезгілінде орындамау;
 - топтық жұмыс қарастырылмағанда бағаланатын жұмысты екі немесе одан да көп білім алушылардың орындауы;
 - басқа білім алушыларға саналы түрде көмек көрсету; өзінің бағаланатын жұмысынан оған көшіріп алуға мүмкіндік беру;
 - басқалардың бағаланатын жұмысын өзінің меншігі ретінде көрсету;
- бағаларды, мәліметтерді, бағаланатын жұмыстарды бұрмалау:
- бағаларды, тапсырма жауаптарын бағалау нәтижелерін боямалау;
 - өлшеу және сауалнаманы бақылау нәтижелері, зерттеу кезіндегі сауалнама мен басқа әдістердегі мәліметтерді боямалау;
 - басқа білім алушының бағаланатын жұмысын бүлдірген кездегі әдейі боямалау;

3.4.4 Бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу:

- жиынтық бағалау жұмыстарын орындау кезінде жауаптарды беру;
- бағалау жұмыстары өткізілгенге дейін білім алушы, оқытушы, немесе оқытушыға тенестірілген тұлғаның көмегі арқылы жауаптарды алу;
- бағаланатын жұмыстарды жеке жұмысы ретінде көрсету үшін сатып алу және өзге жолдармен қол жеткізу;
- бағаланатын жұмыстарды дайын күйінде сату, немесе сатып алуға көмектесу;

3.4.5 Ақпарат пен құрылғыларды заңсыз пайдалану:

- бекітілген нормативті акті негізінде тыйым салынған ақпаратты қағаз, электронды, цифрлы, техникалық құрылғыларды бағалау жұмыстарын орындау кезінде пайдалану;
- бағаланатын жұмысқа қатысты кез келген жауаптарды электронды пошта, компьютер және т.б. жолмен көшіру;
- профессор-оқытушылардың бағаланатын жұмыстарға қатысты ақпаратты компьютерден көшіру, қағаз не электронды тасымалдаушы құралдар көмегімен кабинеттен шығару.

Академиялық адалдыққа қатысты тәртіп бұзушылықтың тізімі осымен шектелмейді, қажеттілікке қарай толықтырылып отырады.

3.5. Ережені бұзған жайдайда шара қолдану тәртібі

Академиялық адалдыққа қатысты тәртіп бұзушылықтардың анықталуы:

- Қалыптастырушы, ағымдық бағалау жұмыстарын өткізу кезінде;
- Қорытынды бағалауды белгілеу кезінде;
- Білім алушылардың бағаланбайтын жұмыстарын орындау кезінде.

3.5.1 Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау кезіндегі қалыптастырушы, ағымдағы бағалауда плагиат пен сыбайласу анықталса:

- пән оқытушысы осы ережеде бекітілген форма негізінде ережені бұзғандығы туралы акт жасап, білім алушылармен кездесу өткізеді. Ереженің бұзылғандығы туралы акты мен сәйкесінше дәлелдемелердің көшірмелері, білім алушылардың жұмыстары кураторға тапсырылады;

- жүйелі түрде (екі рет не одан да көп), пән оқытушысы бекітілген форма негізінде ережені бұзғандығы туралы акт жасайды. Ережесін бұзғандығы туралы акті мен заттай дәлелдемелер мен білім алушы жұмысының көшірмесі кураторға тапсырылады. Куратор өз тарапынан білім алушының тәртіп бұзғандығы туралы университет әкімшілігіне жазбаша түрде хабардар етіп, барлық құжаттарды факультет деканына өткізеді.

3.5.2 Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау кезіндегі қалыптастырушы, ағымдағы бағалауда алдау анықталса:

- пән оқытушысы осы ережеде бекітілген форма негізінде ережені бұзғандығы туралы акт дайындап, білім алушылармен кездесу өткізеді. Ереженің бұзылғандығы

«Сырдария» университеті		УЕ-12-21
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Академиялық адалдық кодексі		7 беттің 5-беті

туралы акты мен сәйкесінше дәлелдемелердің көшірмелері, білім алушылардың жұмыстары кураторға тапсырылады;

- жүйелі түрде (екі рет не одан да көп), пән оқытушысы бекітілген форма негізінде ережені бұзғандығы туралы акт дайындайды. Ережесін бұзғандығы туралы акті мен заттай дәлелдемелер мен білім алушы жұмысының көшірмесі кураторға тапсырылады. Куратор өз тарапынан білім алушының тәртіп бұзғандығы туралы университет әкімшілігіне жазбаша түрде хабардар етіп, барлық құжаттарды факультет деканына өткізеді.

3.5.3 Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау кезіндегі қалыптастырушы, ағымдағы бағалауда бағаларды, мәліметтерді, бағаланатын жұмыстарды бұрмалау, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу, ақпарат пен құрылғыларды заңсыз пайдалану анықталса:

- пән оқытушысы академиялық адалдық ережесін бұзғандығы туралы акт дайындайды, Ережені бұзғандығы туралы акті мен заттай дәлелдемелер мен білім алушы жұмысының көшірмесі кураторға тапсырылады. Куратор бар құжаттарды Тәртіп комиссияға береді.

3.5.4 Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау кезіндегі жиынтық, қорытынды бағалауда плагиат, сыбайласу, алдау, бағаларды, мәліметтерді, бағаланатын жұмыстарды бұрмалау, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу, ақпарат пен құрылғыларды заңсыз пайдалану анықталса:

- пән оқытушысы, емтиханда қатысатын өкілі бекітілген форма негізінде ережесін бұзғандығы туралы акт дайындайды. Ереженің бұзылғандығы туралы акты мен сәйкесінше дәлелдемелердің көшірмелері және білім алушы жұмысының көшірмесі Тәртіп комиссиясына тапсырылады.

Егер білім алушылардың бағаланбайтын жұмыстарын орындауы кезінде плагиат, алдау, мәліметтерді бұрмалау жағдайлары анықталса, пән оқытушысы, куратор білім алушымен әңгіме жүргізеді.

Осы Ереже бойынша білім алушы, оқытушы немесе оған теңелетін тұлға тарапынан бұзушылықтар болған жағдайда, «Сырдария» университетінің бекітілген ішкі тәртіп ережесіне сәйкес тәртіптік жаза шаралары қолданылады.

4 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

4.1 Академиялық адалдық кодексінің жобасын құрастырушы оқу істері жөніндегі проректормен және сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі басшысымен келісіледі.

4.2 Академиялық адалдық кодексі университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланып, қабылданады

4.3 Академиялық адалдық кодексі университет ректорымен бекітіледі

4.4 Академиялық адалдық кодексі университет ректорының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі

4.5 Академиялық адалдық кодексі сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінде тіркеледі, бақылау данасы СМАМБ-де сақталады. Кодекстің ксерокөшірмесі орнатылған тәртіп бойынша тиісті құрылымдық бөлімдерге таратылады.

5 УНИВЕРСИТТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Академиялық адалдық кодексі жойылғанға дейін қызмет етеді немесе жаңасымен ауыстырылады

5.2 Кодекстің атауы өзгерген жағдайда қайта бекітіліп ауыстырылады

5.3 Академиялық адалдық кодексіне енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сапа

«Сырдария» университеті		УЕ-12-21
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Академиялық адалдық кодексі		7 беттің 6-беті

менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінде сақталады.

6. ЖАУАПКЕРШЛІК

Осы ереже талаптарының негізділігі мен мазмұнына сапа менежменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінің маманы жауапты.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар
жөніндегі проректор:

С.Д.Мамраимов

Қосымша 1

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІН БҮЗГАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АКТ

Оқытушыны АЖТ:	Пәні:
Телефон:	Факультеті
E-mail:	Білім алушының аты: _____
	Оқитын тобы: _____
Бұзылған тәртіптің сипаттамасы (мерзімі, уақыты, орны және т.б.) <i>(қажет деп тапқан жағдайда қосымша бет тіркеледі):</i>	
Пән оқытушысы, емтихан алушы (ғылыми жетекшісі) өкілінің қолы және мерзімі: астын сызу керек	
Білім алушының қолы мен мерзімі:	

